

Мұхтар Әжіғұловтың жеке тектік қорының құжаттарына тарихи анықтама

Мұхтар Әжіғұлов 1922 жылдың 1 мамырында ҚазКСР Атырау облысы, Құрманғазы ауданының Батырбек (Азғыр) ауылында дүниеге келді. 1944 жылғы желтоқсаннан бастап КОКП мүшесі. Әкесі Баймұқанов Әжіғұл – 1889 жылы дүниеге келген, анасы Баймұқанова Маржан Жақыповна. Олар Батырбек ауыл кеңесінің Алғабас ұжымшарының ұжымшар жұмысшылары болып қызмет атқарды. Соғыс кезінде осы ұжымшарда қызмет атқарды, астық егіп және ет өсіріп, мемлекетке тапсырды. Әкесі бірнеше рет майдандардың қажеттіліктеріне жіберілген жылқыларды алып барды. Зайыбы Әжіғұлова Қойсын Даулбаевна – 1931 жылғы 10 ақпанда Батыс Қазақстан облысының Орда ауданының № 88 Түйе шаруашылығы зауыты кеңшарында дүниеге келді. Мамандығы бойынша 1949 жылдан бастап – мұғалім. Ұлы - Әжіғұлов Қуандық Мұхтарұлы және 4 қызы Орынша Мұхтарқызы, Қашура Мұхтарқызы, Хафиза Мұхтарқызы, Гүлнәр Мұхтарқызы.

Білімі – жоғары. 1957 жылы Орал мемлекеттік институтын математика және физика мамандығы бойынша аяқтады және Орал ауыл шаруашылық техникумын зоотехник мамандығы бойынша (сырттай) аяқтады.

Өзінің еңбек жолын ауыл мектебінде мұғалім болып бастады.

1940 – 1941 жж. Батыс Қазақстан облысының Орда аудандық халықтық сотының хатшысы.

1941 – 1942 жж. Аудандық халықтық ағарту бөлімінің бас бухгалтері; БҚО Орда ауданының Азғыр ОМ мұғалімі.

1942 жылдың маусымнан 1942 жылдың қазан айының аралығында Сталинград облысының Дубовка қаласының 65-атқыштар полкінің, 45-атқыштар бригадасының курсанты.

1942 жылдың қазан айынан 1972 жылдың желтоқсан айының аралығында 365-атқыштар полкінің, 11-қосымша атқыштар бригадасының қызыл әскері.

1942 – 1943 жж. Сталинград майданының 807-атқыштар полкінің, 304-атқыштар дивизиясының қызыл әскері.

1943 жылдың мамырынан 1943 жылдың қыркүйек айына дейін госпитальде емделді және Орынбор облысының Ақбұлақ станциясының, Ақтөбе облысының Темір станциясының Оңтүстік-Орал әскери округінің радиотелеграфистерінің 5 жоғарғы әскери курстарының курсанты.

1943 – 1945 жж. 1-2 Балтық жағасы майдандарының 45- байланыс полкінің, 6 гвардиялық әскердің жақын барлауының радиопеленгаторлық станциясының бастығы.

1945 – 1947 жж. БҚО Орда ауданының

1947 – 1951 жж. Орда ОМ мұғалімі. БҚО, Орда ауданының Дзержинский балалар үйінің оқу ісінің меңгерушісі.

1951 – 1952 жж. БҚО, Орда халық ағарту бөлімінің меңгерушісі.

1952 – 1954 жж. Бюро мүшесі, Қазақстанның КП Қаратөбе аудандық комиссиясының насихаттау және үгіттеу бөлімінің меңгерушісі.

1954 – 1955 жж. Бюро мүшесі, Қазақстанның КП Жымпиты АК насихаттау және үгіттеу бөлімінің меңгерушісі.

1955 – 1957 жж. Қазақстанның КП Жымпиты АК Кеңсарлар Аймағы жөніндегі хатшысы.

1957 – 1961 жж. БҚО Жымпиты ОМ Директоры

1961 – 1963 жж. Орал облысының Жымпиты ауданының Жосалы кеңсарының партком хатшысы.

1963 – 1965 жж. Хатшы, Орал облысының Қазақстан КП Жымпиты АК 2-хатшысы.

1965 – 1972 жж. Орал облысы еңбекшілерінің Жымпиты аудандық депутаттар кеңесінің атқару комитетінің төрағасы.

1972 – 1976 жж. ҚазКСР Орал облыстық тұтынушылар одағының басқарма төрағасының орынбасары

1976 – 1982 жж. ҚазКСР орман қағаз және ағаш өңдеу өнеркәсібінің жұмысшылар кәсіподағының Орал обкомының төрағасы.

1982 – 1990 жж. Қазақ КСР-ның суларда құтқару қоғамының орал облыстақ кеңесінің төралқасының төрағасы.

Партиялыққа барлығы – басшылық қызметтерде Кеңестік және кәсіподақ органдарында 4 жыл қызмет атқарды.

Партияның қалалық және аудандық комитеттерінің мүшесі болып – 21 жыл қызмет атқарды.

Партияның аудандық комиссиясының бюро мүшесі болып 15 жыл қызмет атқарды.

Партияның Орал обкомының мүшесі және Халықтық депутаттардың аудандық және облыстық кеңесінің депутаты болып 15 жыл қызмет атқарды.

1952 жылдан бастап 1976 жыл аралығы қалалық қаратөбе және Жымпиты аудандық және облыстық барлық партия конференцияларының делегаты болды.

1973 жылдан бастап 1990 жыл аралығы облыстық, республикалық және одақтық кәсіподақ органдарының және тұтынушылар одақтарының және СҚҚ конференцияларының және съездтерінің делегаты болып қатысты.

1976 – 1986 жж. Орман, қағаз және ағаш өңдеу өнеркәсібінің кәсіподағы республикалық және орталық комитетінің мүшесі болды.

Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер. БҚО Жымпиты және Орда аудандарының «Құрметті азаматы».

Мұхтар Әжіғұлов келесідей тақырыптық шолуларды дайындады: «Орал өңірі» газетіндегі («Өткен күнде белгі бар»); «Орал өңірі» газетіндегі («Еліне еңбегі сіңген молдаш еді»); «Жақсының атын жадымызда сақтайық»; «Орал өңірі» «Өткен күндер есімде».

Сонымен қатар, облыстық және аудандық басылымдарда М.Әжіғұлов туралы материалдар жарияланды: Орал жұлдызы «Отан үшін от кештік»; Орал

жұлдызы «Ардагер аға туралы әңгіме»; «Приуралье» «Не единым днем не солгав»; Ел азаматы; «Приуралье» «Здравствуйте, Мухтар аға!»; «Орал өңірі» «Сексеннің сеңгеріндегі жеңіс сарбазы»; «Приуралье» «Уроки нравственности и доброты Мухтара Ажгулова»; «Досуг» газетіндегі М.Әжіғұлов туралы мақала «Уральский аксакал Мухтар Ажгулов-солдат 20 века»; «Орал өңірі» «Сталинградты қорғаған»; Құттықтау 85 жас (Сырым ауданының әкімшілігі); «Приуралье» «Башны над Джамбейтой» Құттықтау 85 жас (бала-келіндері); «Егемен Қазақстан» «От пен ок»; Қайнар «Ұмытылмас жылдардың жаңғырығы»; Республикалық газет «Караван» Солдат Победы 93-летний Мухтар Ажгулов) Мой город «Как жили мы борясь»; «Орал өңірі» «Шаттығы шалқылған шаңырақ»; Бейбітшілік жылы болсын; Жанна Ойшыбаева «Счастье Мухтар-ата»; Жеңіс сарбаздарына Құрмет; Отан үшін от кешуде бақыт.

Жемісті еңбегі үшін 1972 жылғы 3 сәуірдегі Жарлық - елу жасқа толуына байланысты партиялық және кеңестік органдардағы ұзақ жылғы жемісті үшін Мұхтар Әжіғұлов Қазақ КСР-ның Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Көрсеткен ерлігі және батырлығы үшін «Ұлы Отан соғысының 2-дәрежелі» орденімен, «Ерлігі үшін» медалімен, «Германияны жеңгені үшін» медалімен, «Сталинградты азат еткені үшін» медалімен марапатталды. Қазір құрметті зейнеткер болып табылады, 2 «Құрмет» және «Құрмет белгісі» ордендері бар. Оның есімі «XX ғасырдың сарбаздары» кітабына енгізілген. Сонымен қатар, көптеген мерекелік медальдары және құрмет грамоталары бар. Мұхтар Әжіғұлов жеке қорынан қабылданды. Құжаттарға сараптама жасалып, тізімдемелер құрылып, № 1110 қор нөмірі берілді.

М.Әжіғұловтың жеке тектілік құжаттарына фотосуреттері және биографиялық мәліметеріне тұрақты сақталатын істер тізімдемесі құрылды.

Тұрақты сақталатын жеке тектілік құжаттарының №1 тізімдемесіне 6 іс (64) сақтау бірлігі енгізілді;

Тұрақты сақталатын фотосуреттерінің №2 істер тізімдемесіне 1 іс (22) сақтау бірлігі енгізілді.

Ұлы Отан соғысының ардагері Мұхтар Әжіғұловтың тұрақты сақталатын жеке тектілік құжаттары бойынша, 7 іс (86) сақтау бірлігі тұрақты сақтауға алынды.

Тарихи анықтаманы жасаған:

Халилова

С.С.Халилова.